

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS
of the XIX International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024
Астана**

УДК 001

ББК 72

G99

«ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-7697-07-5

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001

ББК 72

G99

ISBN 978-601-7697-07-5

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2024**

из предыдущих серий цикла. Выделение определенных переводческих стратегий значительно облегчает процесс перевода и локализации.

Согласно проведенному анализу, особенность работы с антропонимами заключается в использовании не просто единичной трансформации, а комплекса трансформаций, так как зачастую антропонимы состоят из нескольких компонентов, подлежащих тщательному переводческому анализу.

Таким образом, обновленная версия игры The Elder Scrolls: Oblivion – пример локализации, при котором были пересмотрены стратегии перевода и локализации игрового текста, в том числе антропонимов, при котором учтены лингвокультурные особенности и необходимость комплексного подхода к использованию переводческих трансформаций.

В казахстанском переводе вопросы перевода и локализации говорящих имен собственных в компьютерных играх недостаточно изучены. Нами были изучены теоретические источники, в которых раскрываются особенности перевода и локализации антропонимов. Однако вопрос применения определенных переводческих трансформаций при локализации антропонимов на сегодняшний день переводоведами не изучен и остается актуальным.

Мы считаем, что результаты исследования представляют высокую актуальность для современного переводедения. В ходе анализа представленных примеров нами были выявлены комбинации переводческих трансформаций, которые значительно повышают качество перевода и локализации антропонимов, а именно: транслитерация с элементами транскрибирования и контекстуального перевода, транслитерация с элементами транскрибирования и калькирования. Примечательно, что «говорящие» компоненты имен собственных в данной игре переведены с помощью калькирования, однако имена собственные не теряют своего предназначения и сохраняют смысловую нагрузку.

Результаты данного исследования могут быть применены при переводе и локализации компьютерных игр на казахский и русский языки.

Список использованных источников

1. Аносова Н.Э. Перевод в свете межкультурной коммуникации // Индустрия перевода. 2014. Т. 1. С. 8-13.
2. Муравьева Д.Д., Яренчук Е.Э. Локализация и перевод. К вопросу локализации компьютерных игр // Перевод и межкультурная коммуникация: теория и практика. 2018. № 5. С. 32.
3. Васильев Интертекстуальность: прецедентные феномены: учебное пособие. Красноярск: КГПУ им. В. П. Астафьева, 2010. 176 с.
4. Гарбовский Н. К. Теория перевода. М., 2020.
5. Виноградов В. С. Введение в переводедение (общие и лексические вопросы). М., 2001.

УДК 808.51:81'25

САЯСИ ДИСКУРСТЫ АУДАРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ (Д. ТРАМПТЫҢ ИНАУГУРАЦИЯДА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІНІҢ ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ АУДАРМАСЫН ТАЛДАУ НЕГІЗІНДЕ)

Спандиярова Айым Сакенқызы

aiym002@icloud.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Филология факультетінің 1 курс магистранты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Муратова Г. А

Саясат қоғамның бір бөлігі болып табылады. Саяси дискурсты аудару халықаралық және мәдениетаралық қатынастардың құрамдас бөлігіне айналуға, сонымен қатар әртүрлі елдердегі әртүрлі аудиториялар үшін саяси құжаттар мен баяндамалардың қолжетімділігі мен түсінуін қамтамасыз етеді. Соңғы онжылдықтарда лингвистер саяси дискурс теориясын зерттеуге үлкен мән берді. Бұл қоғамның саяси үдерістерге үлкен қызығушылық танытуымен түсіндіріледі, ал, бұл өз кезегінде саяси лингвистиканы зерттеуге қызығушылықты арттыруда. [1, 95 б]

Саяси дискурста стилистикалық әдіс - тәсілдер маңызды рөл атқарады. Ол арқылы біз саясаткердің қоғамға жеткізетін шынайы хабарын тереңірек ұғына аламыз. Сондықтан да стильдік әдіс - тәсілдердің тіл білімінде де, саяси коммуникацияда да маңызы зор.

Саяси дискурста қолданылатын стилистикалық әдістердің ерекшеліктерін анықтау біздің зерттеуіміздің мақсаты болып табылады. Саяси дискурста деген қызығушылықтың артуы саяси концепциялар мен әрекеттерді ғана емес, сонымен қатар саясаткерлер қоғамдық пікірге ықпал ету және бақылау үшін қолданатын тілдік және риторикалық құралдарды зерттеудің әлеуметтік қажеттілігін көрсетеді. Бұл зерттеудің нәтижелері ағылшын және қазақ тілдеріндегі саяси мәтіндер мен баяндамалардың өзіне тән стильдік ерекшеліктерін анықтауға, сондай-ақ осы стильдік құралдардың көпшілікке қалай әсер ететінін түсінуге мүмкіндік береді.

Бұл зерттеуде сипаттамалық әдіс, салыстырмалы - салғастырмалы әдіс, статистикалық әдістер және т.б біздің зерттеуімізде қолданылды. Бұл әдістерді қолдану пәндік саланы неғұрлым толық және объективті түсінуге қол жеткізуге мүмкіндік береді. Саясат саласындағы лингвистиканың, аударманың дамуына ықпал етіп, ағылшын тілінен қазақ тіліне аударма бойынша болашақ зерттеулердің дамуына мүмкіндік береді деп есептейміз.

Қазіргі қоғамда тілдік құрылым мен тілдік сананы қалыптастыруда саяси дискурс негізгі рөл атқарады. Саяси дискурс саяси идеялар мен хабарларды жеткізудің барлық құралдары мен тәсілдерін қамтиды, оның ішінде саясаткерлердің сөйлеген сөздерін, ресми құжаттарды, заңдарды, саясаттанудағы ғылыми еңбектерді, сондай-ақ баспасөздегі мақалаларды қамтиды.

Лингвист ғалым Е. И. Шейгалдың жіктемесі бойынша, саяси дискурс атқаратын қызметтеріне қарай әртүрлі жанрларға бөлінеді:

- салтанатты ортаны құруға бағытталған шешендік сөздерді қамтитын ритуалдық жанрлар (инаугурациялық сөз, мерейтойлық сөз, дәстүрлі радио үндеу);
- ақпараттық-құқықтық мәтіндер болып табылатын индикативті жанрлар (партия бағдарламасы, манифест, конституция, президенттің үндеуі, баяндама, жарлық, келісім);
- сендіруге және талқылауға бағытталған сөздерді қамтитын агональды жанрлар (ұран, жарнамалық сөз, сайлауалды пікірталас, парламенттік пікірталас). [2, 90 б]

Саяси бағыттағы ағылшын тіліндегі мәтіндердің стильдік ерекшеліктерін қазақ тіліне аударған кезде түпнұсқаның дұрыс эмоционалдық әсерін жеткізбеу немесе керісінше, шамадан тыс әсерлеу қаупі әрқашан бар. Аударманың неғұрлым сәйкестігін қамтамасыз ету үшін контекст, автордың стилі және аударма тілінің ерекшеліктері ескерілуі керек. Аударма трансформацияларын қолдану аударма қателерін болдырмауға көмектеседі. Қазақ тіліне аударғанда стилистикалық өзгерістерді қажет ететін тәсілдер: лексикалық қайталаулар, синонимдер, идиомалар, ирония, метафоралар, салыстырулар мен эпитеттер.

Я.И Рецкердің тұжырымы бойынша, аудармашының міндеті – «түпнұсқаның мазмұнын басқа тілдің құралдарын пайдалана отырып, оның стильдік және экспрессивтік ерекшеліктерін сақтай отырып жеткізу». [3, 32 б]

Біз зерттеуімізде саяси дискурстың ауызекі сөйлеу жанрына басты назар аударатын боламыз. Өйткені Трамптың инаугурацияда сөйлеген сөзі (ауызша дискурс) талдауға негіз болды. Дональд Трамптың стилистикалық деңгейін сөйлесу стилінің элементтері бар ресми деп сипаттауға болады. Саяси сөйлеу – аудиторияға бағытталған және олардың пікірлеріне,

сенімдеріне және эмоционалды реакцияларына әсер етуге бағытталған ауызша коммуникацияның ерекше жанры. Саяси сөйлеудің негізгі мақсаты – тыңдаушылардың санасы мен эмоционалды жағдайына тиімді әсер ету, олардың бойында белгілі бір көзқарастарды, ұстанымдар мен сенімдерді қалыптастыру.

Саяси дискурсты аудару – тілді меңгеруді ғана емес, саяси процестер мен контекстерді терең түсінуді талап ететін күрделі де жауапты процесс. Бұл әртүрлі мәдени орталарда саяси идеялар мен нормаларды дәл қабылдауды қамтамасыз ету үшін маңызды.

Стилистикалық құралдар тыңдаушылардың эмоционалды көңіл-күйін және көзқарасын қалыптастыру үшін қолданылады. Эпитеттер мен метафоралар саяси мазмұнды эмоциялар призмасы арқылы қабылдауды тудыруы мүмкін, оны кең аудиторияға қатысты және түсінікті етеді. Мысалы, «жарқын болашақ» метафорасын пайдалану үміт пен оптимизмді оята алады, ал «қара күштер» эпитетін қолдану белгілі бір қауіп-қатерлерді атап өтуге және қырағылық сезімін тудыруы мүмкін.

Көптеген саясаткерлер сияқты, ол өз сөзінде эмоционалды және когнитивтік жүктемені күшейту, сондай-ақ күрделі ұғымдарды қарапайым және қолжетімді тәсілдермен түсіндіру үшін көркемдеу амалы - *метафораларды* стильдік тәсіл ретінде қолданады. Төменде Трамп өз сөзінде қолданған метафоралардың кейбір мысалдары берілген:

| English | Қазақ |
|--|--|
| Washington flourished, but the people did not share in its wealth. [4] | Вашингтон гүлденді - бірақ бұл өркендеудің жемісі адамдарға түспеді. [5] |

Бұл фраза Вашингтондағы жоғарғы таптың әл-ауқаты мен халықтың жағдайы арасындағы алшақтықты метафоралық түрде сипаттайды. «**Washington flourished**» метафорасы саяси орталықтың өсіп-өркендеуін білдіреді.

- Транслитерация: **Washington – Вашингтон**
- Сөзбе сөз аударма: **Washington flourished - Вашингтон гүлденді**

| English | Қазақ |
|--|--|
| Mothers and children trapped in poverty in our inner cities... [4] | Аналар мен балалар - біздің қалаларымыздағы кедейліктің тұтқыны... [5] |

Бұл тұрғыда метафора «**trapped in poverty**» деген сөз халықтың экономикалық тәуелділікке байланысты қиын жағдайға тап болғанын, жоқшылықтың торына ілінгендей екенін білдіреді.

- Контекстік ауыстыру: «**trapped in poverty**» фразасын сөзбе сөз аударсақ, «**кедейшілікте қамалған**» деген мағынаны білдіреді. Дегенмен, аудармашы түпнұсқадағы ойды дәлірек жеткізу үшін «**кедейліктің тұтқыны**» деп аударды.
- Сөз табының өзгеруі: «**trapped**» етістігі аударма барысында зат есімге, яғни «**тұтқын**» сөзіне айналды.

Трамп белгілі бір идеяларды немесе мәлімдемелерді ерекшелену және жақсарту үшін, оларды мәнерлі және есте қаларлықтай ету үшін стильдік тәсіл ретінде *анафораны* қолданады.

| English | Қазақ |
|---|--|
| We will bring back our jobs. We will bring back our borders. We will bring back our wealth and we will bring back our dreams. [4] | Біз жұмысымызды қайтарамыз. Біз шекарамызды қайтарамыз. Байлығымызды қайтарамыз. Біз арманымызды қайтарамыз. [5] |

«**We will bring back**» деген тіркестің қайталануы арқылы білдірілген анафора мәлімдемелерге сенімділік береді және уәделердің әрқайсысына ерекше мән береді және оларды есте сақтауға оңайырақ етеді.

- Сөйлем мүшелерінің орнын өзгерту: «**will bring back**» етістігі түпнұсқада сөйлемнің бас жағында тұрғанымен, аударма барысында сөйлемнің аяқ жағына ауысты.
- Сөзбе сөз аударма: «**will bring back**» - «қайтарамыз»

| English | Қазақ |
|--|---|
| We will face challenges. We will confront hardships, but we will get the job done. [4] | Біз сынақтарға кезігеміз. Біз қиындықтарға тап боламыз. Бірақ біз жұмысты орындаймыз. [5] |

Бұл жағдайда «**We will**» тіркесі анафора болып табылады. Бұл үзіндідегі анафора сенімділік пен ырғақты күшейтіп, эмоционалды әсер туғызады және жеткізілетін хабармен әділеттіліктің маңыздылығын көрсетеді.

- Сөзбе сөз аударма: «**We will**» - Біз + ауыспалы келер шақ етістігі арқылы жасалған Дональд Трамп, көптеген саясаткерлер сияқты, өз мәлімдемелеріне эмоция қосу және аудиторияның сезімін ояту үшін өз сөзінде эпитеттерді пайдаланады.

| English | Қазақ |
|---|--|
| These are just and reasonable demands of righteous people and a righteous public... [4] | Мұның бәрі әділ қоғамның ақылға қонымды және әділ талаптары. [5] |

Бұл ретте эпитет «халықты» да, «қоғамды» да сипаттау үшін қолданылатын «**righteous**» сөзі. «**Righteous**» бұл тұрғыда әділ, асыл, ізгілікті білдіреді. Олай болса, «**righteous people and a righteous public**» деген тіркес әділетті адамдар мен қоғам идеясын атап көрсетеді.

- Компрессия (мәтінді ықшамдау): аудармашы түпнұсқаның мағыналық жүктемесін сақтай отырып, артықшылықты болдырмас үшін «**righteous**» сөздерінің бірін алып тастады, сонымен қатар «**righteous people and a righteous public**» фразасындағы «**people**» және «**public**» сөздері контексте ұқсас мағына бергендіктен аудармашы жалпылай «қоғам» сөзін қалдырды.

Осы тұрғыда, қазақша аударма бізді қанағаттандырмағандықтан, өз аудармамызды ұсынғымыз келеді.

«**Бұл шыншыл халықтың әділ де орынды талаптары**» осы аударма дәлірек деп санаймыз. Алғашқы аудармада «әділ» сөзі екі рет қолданылғандықтан, «әділ қоғамның» орнына «шыншыл халық» деп өзгерттік

Трамп өз сөзінде екі қарама-қарсы ұғымды қарама-қарсы қою және олардың айырмашылығын көрсету үшін антитезаны қолданады.

| English | Қазақ |
|---|---|
| So to all Americans, in every city near and far, small and large, from mountain to mountain, from ocean to ocean, hear these words. [4] | Барлық американдықтарға, әр қалада болсын - жақын және алыс болсын, таулыдан тауға дейін, мұхиттан мұхитқа дейін - кішкентай және үлкен болсын. [5] |

Бұл жерде «**near and far**», «**small and large**» антитеза болып табылады. Трамп антитезаны қолдану арқылы американдық азаматтардың жаңа саясат жолына кеңінен тартылуын көрсетеді.

- Сөзбе сөз аударма: **near and far** - жақын және алыс, **small and large** - кішкентай және үлкен

Талдау барысында, жалпы алғанда он бір аударма трансформациясы қолданылды. Мақала көлеміне байланысты мысалдарды шектеуге тура келді. Талдау нәтижелері төмендегі диаграммада көрсетілді :




Диаграмма – 1

Қорытындылай келе, саяси дискурс саяси өмірде шешуші рөл атқарады, өйткені ол арқылы саясаткерлер өздерінің жақтастарымен және қарсыластарымен байланысады, сонымен қатар қоғамдық пікірге әсер етеді. Қарым-қатынастың бұл күрделі жанры аударма кезінде ерекше назар аударуды қажет етеді. Түпнұсқаның мағынасын, ниетін және эмоционалдық әсерін сақтау қажет. Саяси сөйлеудегі стилистикалық құралдарды аудару ерекшеліктерін талдау саясаткерлердің сөйлеген сөздерінің аудармаларындағы дәлдік пен эмоционалдық берілістің маңыздылығын атап көрсетеді. Тура мағынаны ғана емес, эмоционалдық-стильдік реңкті жеткізу – саяси дискурсты сәтті аударудың негізгі аспектісі. Тілдік күзиреттілік, саяси түсінік және мәдени ерекшеліктерді үйлестіре отырып, түпнұсқаның мәні мен эмоционалдық әсерін дәл жеткізетін аударма жасау өте маңызды. Д. Трамп қарапайым, түсінікті тілді қолданады және тым күрделі конструкциялар мен техникалық терминологияны аз қолдануға тырысады. Саясаткер Трамп әсерлі сөйлеу бейнелерін жасау, негізгі идеяларды бөліп көрсету және маңызды сәттерге назар аудару үшін стилистикалық құралдарды шебер пайдаланады. Сөйлеудің негізгі мағынасын сақтау, басқа тілдегі аудитория идея мен хабарды толық түсінуі үшін сөйлеудің эмоционалдық және контекстік күшін жеткізу маңызды. Бұл процесс жақсы тілдік дағдыларды ғана емес, сонымен қатар саяси және мәдени контексті түсінуді талап етеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Генералова С. Н. Понятие «политический дискурс» в лингвокультурологической парадигме, научная статья, 2010, с 95- 101.
2. Шейгал Е.И. Семиотика политического дискурса, монография, 2004, 324 с.
3. Рецкер, Я. И. Теория перевода и переводческая практика, очерк, 2007, 240 с.
4. Donald Trump inauguration speech, 2017, <https://www.politico.com/story/2017/01/full-text-donald-trump-inauguration-speech-transcript-233907>
5. Дональд Трамптың ұлықтау сөзі, 2017, https://webcache.googleusercontent.com/search?q=cache:_DqYJ32M0_UJ:https://www.forumdaily.com/kk/polnaya-inauguracionnaya-rech-donalda-trampa-na-russkom/amp/&sca_esv=583597295&hl=ru&gl=kz&strip=0&vwsr=0